



Жазба ақындар шығармашылығындағы шығыс стилі

*С.Қ. Қосанов^a, Ә.М. Кәкенова^b, Ж.С. Әділханова^c

^aӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: Kosan_1964@mail.ru). *Байланыс үшін автор: Kosan_1964@mail.ru

^bӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: aldiyar-1976@mail.ru)

^cӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: adilhanova2011@mail.ru)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
ақын, сопылық,
әдебиет, дәстүр,
символ, ғаріп,
поэзия, кезең,
шығыстық стиль.

FTAMP 17.09.91

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-167-184>

АННОТАЦИЯ

Мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында өмір сүрген қазақ ақындарының шығармашылығындағы діни-дидактикалық және сопылық сарындар қарастырылған. Олардың дені өз заманында Орта Азия және Ресей қалаларындағы мұсылман медреселерінде білім алғаны белгілі. Жұмыста шайырлар поэзиясында жиі ұшырайтын *ғаріп, міскін, құл, пақыр, кәміне, бейшара* сөздерінің сопылық әдебиетпен байланысты қырлары талданады. Авторлар олардың әрқайсысын тиісті мысалдар арқылы дәйектей отырып, сопылық әдебиетке қатысты аспектілеріне назар аударады. Шығыстың классикалық әдебиетінен терең нәр алған шайырлар поэзиясында көптеген ортақ тақырып, сюжет, сарындар мен стильдік бейнелеулер кездеседі.

Мақалада жазба ақындар поэзиясында жиі қолданылған «әбжад» және «әліпби» мотивтеріне арнайы назар аударылады. Осы орайда Алтын Орда дәуірі әдебиетінде жалғасын тапқан «нама» жанрын қазақ ақындарының қайта жаңғыртуы туралы ой қозғалған. XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясына ортағасырлық әдеби дәстүрдің тигізген ықпалы қарастырылған. Ақан сері, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Мақыш, Омар, Қаңлы Жүсіп, Тұрмағамбет, Кете Жүсіп, Қарасақал Ерімбет сынды жазба әдебиет өкілдерінің шығармашылығы Ясауи, Бақырғани, Рабғузи, Хорезми және Сарай секілді түркі-қыпшақ шайырларының өлең үлгілерімен салыстырыла сарапталады. Екі дәуір ақындары қолданған бейнелі сөздер мен көркем образдар жөнінде тұжырымды ой-пікірлер ұсынылған. Мақалада қазақ әдебиеттануында жеткілікті деңгейде зерттелмеген, ұлттық жазба әдебиетіміздің қалыптасуына елеулі үлес қосқан бірқатар ақын-шайырлардың шығармалары қарастырылды.

Received 03 February 2023. Revised 08 February 2023. Accepted 15 May 2023. Available online 30 June 2023.

For citation:

S.K. Kosanov, A.M. Kakenova, Zh.S. Adilkhanova Oriental style in the work of Kazakh poets // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 2. – P. 167-184. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-167-184>

Дәйексөз үшін:

С.Қ. Қосанов, Ә.М. Кәкенова, Ж.С. Әділханова Жазба ақындар шығармашылығындағы шығыс стилі // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – № 2. – 167-184 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-167-184>



Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде бірнеше әдеби ағымның қатар өмір сүргені белгілі. Әдебиет зерттеушісі Б.Кенжебаев бұл кезең әдебиетінің қоғамдағы өзгерістерге байланысты түрлі қайшылықтарға толы екендігін жаза келе, былай деген болатын: «Сонымен, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті – ұлы дәуірдің: ілгерілеулер, күрес, көтерілістер, сұрапыл соғыстар, қиян-кескі төңкерістер дәуірінің әдебиеті. Күрделі, көп қырлы әдебиет. Оны қазақ ақын-жазушыларын саяси, әдеби бағыттарына қарай мынадай топтарға бөлген жөн: 1) ағартушы ақын-жазушылар, 2) ағартушы демократ ақын-жазушылар, 3) демократтық-төңкерісшіл халық жырлары» (Кенжебаев, 1993: 29).

Зерттеуші алғашқы топтағы әдеби ағым өкілдері қатарында Ақмолла (Мифтахетдин) Мұхамедияров (1831-1895), Әбубәкір Кердері (1858-1912), Мақыш Қалтаев (1865-1916), Нұржан Наушабаев (1859-1919), Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857-1931), Шәді Жәңгіров (1865-1931), Жаяу Мұса Байжанов (1835-1929), Мұсабек Байзақов (1849-1932), тағы басқаларды атайды. Ғалым бұл ақындардың тек мұсылманша, қадімше оқығанын, Бұхара, Ташкент, Қазан, Троицк, Орынбор, Уфа қалаларындағы діни мектеп-медреселерді бітіріп, мұсылманша орта және жоғары дәрежелі білім алғандығын жазады. Тіпті, кейбіреулері көп оқып, ғұлама болғандығын, Меккеге барып, қажы атағын алғандығын да сөз етеді. Сондай-ақ, олардың көпшілігі ауылдық, болыстық, уездік жерлердегі мектептер мен медреселерде молда, мұғалім болып, халықтың сауатын ашу мақсатында ағартушылық қызметін атқарғанын айтады. «Ағартушы ақын-жазушылардың көрген-білген, оқыған, рухани нәр, азық, өнер, үлгі алған мәдениеті, әдеби мектебі Шығыс халықтарының ертедегі әдебиеті мен мәдениеті және араб, парсы тілдері болды. Бұлар – шығыстық тәлім-тәрбиелі, өнер-дәстүрлі ақындар... Ағартушы ақын-жазушылардың шығармалары, бір жағынан, көне Шығыс әдебиеті дәстүрінде, екінші жағынан қазақтың бұрынғы әдебиеті дәстүрінде қисса, дастан, мысал, назым, өлең, жыр болып келеді. Оларда ескі, діни кітаби сөздер көп кездеседі. Әсіресе, нәзіралық шығармаларда шағатай тілі деп аталған ежелгі түрік әдеби тілінің әсері мол», – деп жазады (Кенжебаев, 1993: 31).

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің бағыт-бағдарын әдеби-тарихи процестердің контекстінде қарастырған зерттеуші Д.Қамзабекұлы жоғарыда аталған ақындардың бірқатарын ислам құндылықтарымен байланыста зерделей келе, Шәді, Әбубәкір, Мәшһүр Жүсіп, Мақыш т.б. ақындардың заманауи қозғалыстарға қосқан шығармашылық үнін даралап көрсетеді. Ғалымның тұжырымы: «Сонымен мұсылман ағартушылығы – Шығыстағы негізгі діндердің бірі – исламның құндылықтарын жаңа дәуірге сәйкес жүйелі дамытуға бағытталған ағым» (Қамзабекұлы, 2002: 17)¹. Қазақ руханиятында өзіндік көзқарастарымен ерекшеленетін: Қарасақал Ерімбет, Қаңлы Жүсіп, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Шораяқтың Омары, Кете Жүсіп, Даңмұрын Кенжебекұлы, Жүсіп Таубайұлы, Шегебай Бектасұлы, т.б. Сыр шайырлары ғана емес, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, Ақан сері секілді ақындардың да Бұхара-и Шәріфтен бастау алатын Орта Азия мұсылмандық білімі мен іліміне сусындағаны анық.

¹ Қамзабекұлы Д., 2002. Әдеби-тарихи процесс: Ағымдар, концепциялар (Ағартушылық кезең), фил. ғыл. докт. ғыл. дәр. ... авторефераты. Алматы. 52 б.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Қазақ әдебиетіндегі оянушылық дәуірінің барлық сауатты ақын-жазушылары бір бағытта, негізінен ағартушылық бағыттағы шығармашылықпен шұғылданып, «қайткенде де ұлтқа қызмет ету» мүддесін көздегені шындық. Өнер мен ғылымнан кенжелеп қалған, көшпелі өмір салтын ұстанған жұртымыз үшін бұдан өзге жол жабық болды. Сондықтан «шығысы батыс боп» кеткен ұлы Абай мен Ыбырайдан бастау алған ағартушылық идеясын іс жүзінде кәдеге асыруға жан аямай кіріскен қазақ қаламгерлерінің рухани саладағы басты бағдары Шығыс болып қала берді де, Ә.Бөкейхан бастаған ұлт көсемдерінің тура жолына – «усул-и жәдид» жолына түскендер тығырықтан шығар төте жол іздеді. Бұл – Батыс пен Шығыстың ортасына сыналай көпір салып, өркениет көшін іздеген А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, С.Көбеев, М.Сералин, Ж.Басығарин, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, т.б. ақындардың жолы.

Дегенмен, осы екі бағыттағы ақын-шайырлардың шығармашылық сипатында айтарлықтай шекара да жоқ болатын. Мысал үшін, Ахмет, Міржақып, Сәбит, Мұхамеджан да әдеби әдіс ретінде нәзирашылдықты оңтайлы тәсіл деп білген және көп жағдайда орыс, еуропа әдебиетінің мысал, ертегі, поэма, әңгіме, повестерін тәржімалап, не болмаса қайта өңдеп, жаңғыртып, ұлттық болмыс-түсінігімізге бейімдеп жазған. Ал Ақан сері, Ақылбай, Әріп, Әсет, Шәкәрім секілді талант иелері Батыспен қатар Шығыс сюжеттерін, оның кейбір стильдік қасиет-сипаттарын өз шығармашылықтарына үлгі еткен. Сонымен бірге, аталған үш топтың өкілдері қазақтың дәстүрлі ислами-имани құндылықтарын да әрдайым естен шығармаған. Себебі, халықтың діннен шығуы, тек «кәпір» болумен бітпейтінін, ақыр түбінде түркілік тегінен, қазақтық дәстүр, салт қасиеттерінен, тіпті тілінен де ажырайтынын түсінді. Жәдитшілдік бастауындағы Әл-Ауғани, Мұхаммед Абду, Әл-Маржани, Әл-Курсави, Исмайыл Гаспринскийдің өздері де исламның аса көрнекті қайраткерлері санатынан. Ресей мұсылмандары мен түркі халықтарына «тілде, ойда, істе – бірлік» ұранын тастаған Исмайыл бейдің маңызды еңбектерінің бірі – «Орыс мұсылмандығы» (1881) екені мәлім. Абай, Ыбырай, Шәкәрім, Ғұмар мен Мәшһүр Жүсіп те діни тақырыптағы шығармаларын тектен тек жазбаса керек. Қалай дегенмен, қаламгердің әдеби қолтаңбасын, қабілет дәрежесін, шығармашылық табиғатын, даралық қасиеттерін оның идеялық бағытынан емес, қаламгерлік стилінен, туындының жанрлық түрі мен сюжеттерінен, өлеңдерінің дәстүрлі және жаңашыл сарындарынан, тілі мен көркемдік құралдарынан іздеу – әдебиеттанудың негізгі міндеттерінің бірі.

Қазақ ақын-шайырларының әдеби мұрасын орта ғасырлардан бері қарайғы түркі-шағатай ақындық дәстүрі аясында зерттеген Н. Келімбетовтың мына бір тұжырымдары осы тақырыптың іргелі мәселелерін көре білуімен бағалы: «Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысында әдебиет майданына келіп, прогрессивті, ағартушылық бағыт ұстаған қазақ ақындарының бір тобы дәстүрлі тақырыптарға шығарма жазудың нәзирагөйлік тәсілі қазақтың бір топ ақындары тарапынан кезінде едәуір қолдау тапты. Осы бағыттағы қазақ ақындары шығыстың классикалық әдебиетіндегі дәстүрлі тақырыптарды, сюжеттерді, образдарды бетке ұстай отырып, мазмұны мен формасы жағынан, идеясы мен сюжеті тұрғысынан мүлдем жаңа

шығармалар жазды» (Келімбетов, 2000: 255). Шындығында да, зерттеуші айтқандай, қазақ ақындары Шығыс зергерлерінің қолынан шыққан сан түрлі бейнелеу, көріктеу, құралдарын, образ жасау әдістерін, теңеулерді, өлең жүйесін, тағы басқаларды зор шеберлікпен пайдаланғаны мәлім. Олар шығыс классиктері жасаған ғажайып образдарды қазақ топырағына лайықтап, өз оқушысына жақын етіп қайта тудырды.

Мақаланы жазу барысында диахрондық, салыстырмалы-типологиялық және әдеби талдаудың кешенді сараптау әдістері қолданылды. Зерттеу кезінде Орталық ғылыми кітапханада сақталған ақындар мұрасының қолжазбалары, әр уақытта басылған антологиялар мен ғылыми басылымдар нысанға алынды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақ әдебиетіндегі діни мазмұны бар шығармалардың идеясы мен сарындарын саралаған А.Жақсылықовтың зерттеулерінде бірқатар шайырлардың ислами бағыттағы шығармаларына назар аударылған. Зерттеуші, әсіресе, зар заман ақындарының әдеби мұралары мен қисса-дастандардың ХХ ғасыр басындағы қазақ прозасына оң ықпалын тигізгені туралы былайша ой өрбітеді: «Книжная литература восточных кисса и дастанов, достаточно широко представленная в национальном искусстве слова в XIX веке, оказывала существенное влияние на развитие общественного сознания в Казахстане. Многие казахи, получившие восточное образование, хорошо знали литературу кисса и дастанов. Эта духовная атмосфера наглядно воспроизведена в первом казахском романе М. Дулатова «Бакытсыз Жамал» (1911). В современном литературоведении эта проблематика является весьма актуальной и привлекает внимание все большего количества ученых» (Жақсылықов, 1999: 31)².

Осыған қарағанда, қазақ әдебиеті тарихында үлкен із қалдырған шайырлық поэзияның стильдік ерекшеліктері мен ондағы образ, мотивтер жүйесін зерттеу әрі ауқымды, әрі өте маңызды мәселе екендігі аңғарылады. Әрине, қазақтың қисса әдебиеті мен оның өкілдері қалдырған жүздеген хикая-дастандардың сюжеті мен стильдік сипатын саралау біздің шағын зерттеуімізде мүмкін болмас та еді. Осы орайда, Ө.Күмісбаев, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, Б.Әзібаева, А.Жақсылықов, Т.Тебегенов, Б.Омаров, А.Шәріп, т.б. қазақ ғалымдарының және кейінгі жас зерттеушілердің еңбектерін қарастыра отырып, бұл бағытта жаңа зерттеулер мен ғылыми ізденістердің қажеттілігі аңғарылып отыр (Нұрдәулетова, Шохаев, Кенғанова, 2022: 72-85). Мақалада ХХ ғасыр басындағы жазба ақындардың шығармашылығына қатысты бірқатар тың тұжырымдар ұсынылды.

Талқылау

Орта ғасырлардағы түркі классикалық поэзиясынан тәлім алған кейінгі қазақтың қисса әдебиеті мен шайырлар шығармашылығында бір-бірімен ұқсас, ортақ сипаттары көп. Түптеп келгенде бұл қасиеттердің басым бөлігі әдебиеттегі нәзирашылдық

² Жақсылықов А., 1999. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях каз. лит.-ры. Афтореферат дисс. на соиск. док. фил. наук. Алматы. 52 б.

әдісінің желісі екеніне көз жеткіземіз. Өйткені нәзіралық дәстүр – бірер шығарманы қамтитын сәттік құбылыс емес, талай ғасырдағы әдеби үдерістердің қойнауында іштей дамып, көркемдік образдар әлемі тұтастанған, сюжеттік мотивтері бірінен-бірі туындап жататын уақыт жағынан шектелмейтін тарихи құбылыс. Низами мен Құтыб, Жәми мен Науаи, Сағди мен Сарайдың шығармашылығында тек сюжеттік қана емес, идеялық, жанрлық және стильдік ұқсастықтар кездесіп отырады. Сондай-ақ, көп өзгеріске ұшырамайтын Исламға тән канондық қолданыстар, діни ережелер, Аллаға деген бірегей мінәжат, Пайғамбарларға салауат, мақтау, әулиелерге құрмет, өлең өлшемдері (ғаруз) мен олардың ішкі түрлерінің тұрақты қалыптасуы – олардың шығармашылығындағы басты ортақ қасиеттер мен стильдік белгілері. Бұл тұрғыдан алғанда, жекелеген қаламгерді ғана емес, тұтас кезеңнің әдебиетін қамтитын шайырлық поэзияны белгілі бір тақырыптың аясында қарастыру аздық етеді.

Қазақ әдебиетіндегі сөз өнерінің сыры мен сипатын теориялық тұрғыдан талдай зерттеген академик З.Қабдолов қаламгер шығармашылығындағы стиль мен әдеби ағымның тұтас бір жазушылар тобына тән ортақ ұғым, сипат бола алатынын көрнекі мысалдармен дәлелдейді. Ғалымның пікірінше: «Бір жазушының бірнеше шығармасы ғана емес, бір топ жазушының бір алуан шығармасында өзара ұқсас сипаттар, сыбайлас сырлар жатады. Мұндай сыр мен сипаты әр жазушы өз шығармасына әшейін қолдан жасап, жапсыра салмайды. Мұндай өзара ұқсас сыр мен сипаты бір топ жазушының бір алуан шығармасына мезгілдің, олар өмір сүрген дәуірдің өзі дарытады» (Қабдолов, 1976: 354).

Әдебиет теориясының білімпазы жазғандай, стиль ортақтығымен бірге әр қаламгердің стильдік даралығы да көрінбей қалмайды. Орта ғасыр классиктеріндей баршаның көңілінен шықпаса да, қазақ шайырларының да әрқайсысының өзіндік шығармашылық құпиясы барына күмәніміз жоқ.

Е.Э. Бертельстің парсы классикалық кезеңінің соңғы өкілі туралы жазған мына пікірі нәзірашылдық құбылысының жарқын беттеріне куә болумен бірге қазақ әдебиетінде Шығыс үлгісіндегі ақындарды бағалауда бағдар болса игі: «Все его творчество – лишь подражание, своих тем у него нет, но выполнение таково, что заставляет забыть всю его неоригинальность. Яркость и свежесть, техника, не впадающая в искусственность, хотя и стоящая близко от нее – вот наиболее характерные черты Джамии. Начитанность и продуктивность его изумительны» (Бертельс, 1969: 354).

Біз сөз етіп отырған қазақ шайырларының шығармаларында нәзира әдісіне сай және жалпы түркі дәстүріне, әсіресе, Ислам мәдениетін меңгерген қалам иелеріне тән бірқатар стильдік белгілер ұшырайды. Бұған қоса, олардың туындыларында көптеген ұқсас бейнелеулер, ортақ тақырыптық, сюжеттік мотив-сарындар кездеседі. Солардың бірі – шайырлық поэзиядағы көзге оқшау түсетін «әбжад» және «әліпби» мотивтері.

Медреседе оқу алдымен араб әліпбиіндегі 29 әріпті жаттаумен басталатыны мәлім. Осы араб әліпбиінің әрбір харпінің сандық мәні бар. Кейбір ескіше оқытатын медреселерде әріптерді тез үйрену үшін оларға әуелі атау беріп, арнайы мақаммен дауыстап жаттаған. Ал араб әліпбиінің алғашқы әрпі – «әліптің» сандық мәні – 1. Қалған әріптер мыңға дейінгі сандармен мағыналық үйлестік тапқан. Өткен ғасырдағы мұсылмандық Шығыстың көптеген ақындары өздерінің туған жылдары мен шығармаларының жазылған уақытын, керісінше, араб әріптері арқылы белгілейтін

болған. Мұның өзі өлеңнің не дастанның аяқталар тұсында болатын да, жыл мезгілдерінің қай тармақта, қай сөздерде жасырылғанын анықтау қиынға соғар еді. Тіпті, әріптер арқылы математикалық теңдеулерді шешу әдісі – Шығыста ерте кезден тараған тәсіл. Бұрынғы замандағы зират, бейіт басындағы құлпытастарға да кісінің туған, қайтыс болған жылдарын «әбжад» әріптерімен таңбалау дәстүрі жиі ұшырасатын. Осы «әбжад қисабы» деп аталатын әдіс арқылы шайырлар да өз есімдерін құпиялап жазған. Әрине, бұл әдісті ақындардың бәрі бірдей меңгере алған жоқ. Сөйтсе де, медреседе, «Әліпби», «Әбжад», «Һәфтиек» және намаздың шарттары ғана үш қыс бойы оқытылғанын ескерсек, араб әліпбиінің тылсым сырлары – оның математика, астрономия, музыка, поэзия уәзіндері ілімдеріне қатысты құпиялары жетерлік екенін аңғару қиын емес. Халықтық эпостардағы:

Сөздің сәнін келтірген
Жиырма тоғыз харіп-ті,
...Әрнені ойлап тарықты,

– деп келетін тұрақты формулалардың сақталуы «Әліпби», «Әбжад» ұғымдарының Ислам ағартушыларының бірнеше ғасырлық ықпалы нәтижесінде ұлттық сана төрінен орын алғандығын көрсетеді.

«Әбжад» әдісін қолданушылар шайырлардың жазба айтысынан да орын алған. Мысалы, Сыр өңіріне кең тараған атақты «Шәкей сал мен алты ақынның жұмбақ айтысында» осы жазба мүшәйраға қатысқан кете Жүсіп Ешниязұлы өзінің аты-жөнін:

Басы – он, ортасы – алпыс, соңы – сексен,
Бұл нұсқау хабар берер біздің аттан.
«Е» мен «шын», «нұн» менен «иа», «әліп» пен «зе»
Аңдатар әкем есімін ақиқаттан (Айтыс, 1965: 485),

– деп, өзінің шын есімі арабша Иусуф екендігін аңғартқан. Өйткені «әбжадтық» мәні бойынша, и – онға; с (син) – алпысқа; фи – сексен санымен сәйкес келеді. Себебі, араб тілінің заңдылығы бойынша оларда қысқа дауыстыларды жазуда белгілеулері сирек. Яғни, араб емлесіне орай, тек дауыссыз дыбыстарды ғана белгілеу дұрыс шешім ретінде қабылданған. Сөйтіп, Кете Жүсіп өзінің атын арабтың «иа», «син», «фи» әріптері арқылы білдірсе, әкесінің есімін әріптердің нақ атауларын таңбалау арқылы ишаралаған.

Аталмыш мүшәйрада қыздың жұмбағын шешуші оның аттасы Қаңлы Жүсіп те одан қалыспай, «Жұм» мен «сын», «бе» әрпін ал, Ұлы жүзден» деп, өзінің аты-жөнін айқындаған (Айтыс, 1965: 489).

«Кете Жүсіп пен Қуаныштың айтысында» Қуаныш өз есімінің арабша әріптермен жазылуын жұмбақтайды. Шайыр «қап» әрпін бейнелегенде:

Мойнына арыстанның қылыш шаптым,
Кеудесі ғайып бопты, басын таптым.
«Қасиетті жануардың кәлласы» деп,
Қос гауһар төбесіне тас орнаттым, ОЦ

– десе, «шын» әрпін: «Үш тісті үстінде үш тас бір орақтың»,– деп сипаттаған. «Ұғлы» деген сөзді:

Таяғын ардақты ердің қолыма ұстап,
 Мойны мен басын шаныштым қасқалдақтың.
 Бір мақұлық бейне шаян аузын ашқан,
 Үстіңгі ерніне бір маржан тақтым.
 Көтерген жоғарыға жалғыз таяқ,
 Астынан теріс қарай құйрық тарттым, –
 деп суреттейді (Айтыс, 1965: 524).

Кете Жүсіп жасырған араб әріптерін дұрыс тауып, «Қуаныш Баймұхаммед ұғлы» деген жауапты қайтарады.

Араб әріптерімен мағына іздеу оларды жұмбаққа айналдыру айтыста жиі ұшырайды. Мысалы, «Әсет пен Бірысжанның айтысында» Бірысжанның:

Бір сарай нұрланады жалғыз «миммен»,
 «Ра» мен «нун», «хи» менен «зи» оған ерген.
 Бұл бес харіп бес сөздің әуелінде,
 Білдің бе мағынасын қайдан келген?

– деген сауалына Әсет: «мим» – Мекке шаһары, «нун» – намаз, «ра» – руза, «зи» – зекет, «хи» – хажылық, яғни исламның бес парызы екендігін айтып дұрыс жауап береді.

Орта ғасырлық шайырлар поэзиясында тұрақты орын алған «әліп би» сарыны Науаи өлеңдерінде ұшырасады. Әлішердің:

Шаһзадаға айтты ол ғылым сүй деп,
 Ғылымның негізі сол – «әліпби» деп.
 Әліп – ләм өзінше ұқты Фархад,
 Би – бола тыңдау болмас содан артық (Науаи, 1977: 534),

– деген өлең жолдары кезінде Абайға үлгі болған. Осы жөнінде М. Мырзахметов: «Абайдың кейбір өлеңдерінде ұлы Науаи шығармаларының әсері айқынырақ сезіледі. Тіпті, «Әліпби» өлеңінде Абай ұстазы Әлішер Науаимен ақындық өнер жарыстырғандай мінез де танытады. Науаи кейбір араб әріптерін сұлу әйелге балай суреттесе, Абай араб әрпін түгел қамтып, қыз бойындағы әсемдік көркіне түгел жегіп, өзінше ақындық өнер, соны тапқырлық көрсеткендей шеберлік танытады», (Мырзахметов, 1994: 22), – деп жазды. Абайдың бұл өлеңінде бір замандағы сопылық әдебиет ықпалы айқынырақ сезіледі.

Ақын:

Әлифдек ай йүзіңе ғибрат еттім,
 Би – бәлаи дәртіңа нисбат еттім.
 Ти – тілімнен шығарып түрлі әбиат,
 Си – сәнаи, мәдхия хұрмәт еттім (Құнанбайұлы, 2003: 61)

– деген шумақтан бастап, өлеңнің соңына дейін бір Аллаға хас сипаттарды және оған өзінің ғашықтығын тұспалдап жеткізеді. «Әлифтің» арабша әбжадтық мәні – бір екені және бұл әріптің бір санына ұқсас жазылуы, араб әліпбиінің бірінші әрпі болуының өзі де Абайдың Алланы образ түрінде бейнелеуін көрсетеді. «Би» – бәлаи дәртіңе көніп, «ти» – тілімнен түрлі өлең-бәйіт шығарып, «си» – сәнаи мәдхия, яғни

өзіңді мақтап, мадақтап, құрметіме бөледім», – дейді Абай. Мұндағы «ғашық оты», «ынтызар», «ғаріб», «кәміл», «жар», «нала», «сабыр», «риза», «ғишқы», «мүшкіл» т.с.с. сөз қолданыстар да сопылық поэзиядағы тұрақты терминдер болып саналады. М.Әуезов Абайдың осы туындысы туралы: «Осы сияқты «әліпбиді» тәпсірлеу арқылы қызға жазған хаты да, аяқ кезінде:

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзің, –

деген қазақы әзілмен бітіп тұрса да, анығында жаңағы еліктеу белгісі болып шығады. Сырты он бір буынды, қазақы төрт жолды ақсақ ұйқас болғанмен де, бұл өлең де ғаруз өлшемімен жазылған. Уәзіні: «Мұпағылин, фәгулән». Бұл кез Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді», (Әуезов, 1984: 128) – деген тұжырым білдірген.

Көп зерттеушілер жоғарыдағы үзіндіні «қыз бен жігіттің арасындағы әзіл» ретінде бағалағанымен, шынында «Асты – үстілі болуға көнсең өзің» дегенде ақын өзінің Аллаға махаббатын, ол үшін «екі дүниедегі азапқа ризамын» деген иллаһи ой-пікірін меңзесе керек.

«Әліпби» үлгісіндегі поэзиялық шығармалар қазақ, өзбек, қарақалпақ шайырларының өлеңдерінде ұшырасады. Мысалы, қарақалпақ әдебиетінің белгілі өкілі Әжинияз (Зийуар) Қосыбайұлының (1824-1878) «Ай, әлип» атты өлеңінде:

Ай – әлип кем, ақ йүзі нұр айни әләм әнуари,
Бе – белің қыпша дилбар, көзиң ғанаң шахла уәли.
Те – тисін дүр – дана ләблериңнің паллари,
Се – сорып ширин лебиң қанадурман, әй пәрии, (Әжинияз, 1975: 33),
– дейтін жолдар бар.

Мұнда сопылық әдебиет өкілдеріне тән белгілі образдар жүйесі орын алған. Бір айта кетерлігі, қазақ, қарақалпақ, өзбек шайырларының шығыс классикалық әдебиетінен алған өнегесі ортақ, ойлары ұқсас келуі – олардың медреседе үйренген ілім-білімдерінің бірегей болғандығын байқтады. Осы өңірдің өткен ғасырдағы әдебиетін зерттеуші Қ.Жұмажановтың мына бір деректері де осыған дәлел: «... Екінші (әдеби) дәуірде оқушылар Шығыстың классик шайырларынан саналатын Софы Аллаяр, Әлішер Науаи, Физули, Хожа Хафиздың шығармаларымен танысқан, оны үйренген» (Жұмажанов, 2006: 16). Асылында, қазақ поэзиясындағы «әліпби» сарындарын арнайы зерттеу нысанына алуға әбден болар еді.

Шайырлық поэзия өкілдерінің шығармашылығына тән стильдік ерекшелігінің бірі олардың өлеңді бастау, аяқтау және ұйқас құрудағы ізденістерінен аңғарылады. М.Жармұхамедұлы: «бұлар қалыпты айтыстардан бөлек, шығыстық «наме» сипатымен дараланады», – дей келе, осы үлгілердің көркемдік, бейнелеу ерекшеліктері де назар аударарлық екендігін жазады (Жармұхамедұлы, 2001: 9).

Мүшәйра жанрының негізгі қызметі хат арқылы жүзеге асатындықтан, мұнда көбінесе, адресат көрсетіліп, хат жазушы өзінің қарсыласының немесе әріптесінің есімін атап, оған сәлем жолдайды. Мысалы, Жәмила қыз: «Хұрметті сәлем жаздым Серіқұлға», – деп сөзін бастаса, Сапарғали: «Құрметті көп-көп сәлем, мырза Нұржан»,

– деген сөздермен өзінің кезегін алады. Сыр шайырларының жазба айтысында керейт Даңмұрын өзінің жауап сөздерін: «*Дұғай сәлем жаздым арнап, // Тұрмағамбет, дүр Омар!*» «*Жүсіпжан, жананыңа жолданды хат, // Денсаулық хош па уақтың сау-саламат?»* – деп бастайды.

Қарақалпақ шайыры Құлымбеттің хаты: «*Құрметті сәлем жазамын, // Әбубәкір моллаға*», – деп келсе, Әбубәкір: «*Жолықтым, ей, Құлымбет, хатыңызға, // Таныстық хат жүзінде атыңызға*», – деп, өз жауабын жазады.

Тұрмағамбеттің осы тектес жазба айтыстағы хаттары «*Жарайды жазған хатың, інім Жүрсін!*» немесе «*Мәктүбің, молда Ермұрат, келді мұнда*» т.с.с. болып келеді. Шәді төренің жұмбақ айтыстарындағы жауаптары «*Хабар ал, Тұрмағамбет, жазған хаттан*» түрінде басталып отырады. Ал Қаңлы Жүсіп мүшәйраға түсерде Нақыпқожаға: «*Көп сәлем, Қожекеме даусын созған!*» – десе, тағы бір жұмбақ айтыста: «*Төлеген Қаражанов, жаздың жұмбақ, // Табылса жұмбағыңыз, көңілің тынбақ*», – деген қаратпа сөздерден кейін жауапты жалғастырған.

«*Жәмила қыз бен Серіқұлдың айтысында*» Жәмиланың сөз басы: «*Құрметті сәлем жаздым Серіқұлға, // Қызығар базарлы жер тиын-тұлға*», – деп басталса, Айтмағамбет өзінің Мәлике қызға жауабын «*Қош алдық сәлеміңді, Мәлике айым*» деген сөздермен жалғайды. Оған Мәликенің жауабы «*Молдажан, бәрекелді, қоңырат болса, // Тыңдадық сөзіңізді құлақ салса*» түрінде жазылғанын көреміз.

Осындай амандасу, жауап сұрасу, ат-есімін білдіру жазба айтыс мәтіндерінің соңғы бөлігінде де тұрақты кездесіп отырады. Мысалы: «*Өзім атым – Құлымбет, // Қош болыңыз, ағалар!*», «*Кердері сорғушы Әбубәкір, // Танырсың көргеннен-ақ, сөз қарасы*» («*Кердері Әбубәкір мен Құлымбет айтысы*»); «*Һәлите мұрат тілек, ізгілікте // Жазушы Сапарғали жолдасыңыз*», «*Нұржан, енді шеше бер, // Осымен қойдым доғарып*». («*Сапарғали мен Нұржан айтысы*»); «*Сөзіне Сопы әзіреттің арқа сүйеп, // Жазылған молла Омардан бұл уәзипа*», «*Ақылын әзілменен айтып қабат, // Дақанның күткені жөн тұрып тағы*», «*Жазушы Молдағали қойды қолын*», «*Балдызың Шәді қари шалды азырақ*», «*Ей, бану, қандай болар мәслихатың?»* («*Шәкей сал мен алты ақын*»); «*Ақмешіт – Перовский қол астынан // Келеатқан Тұрмағамбет жас түлетіп*», «*Созақтан Шәді төре мұны тапқан*» («*Тұрмағамбет пен Шәді төре*») т.с.с. болып келетін хат-жауап формалары жазба айтысқа хас белгілерді айқындайтын стильдік сипаттарға жатпақ.

Енді бір назар аударарлық жайт – ақын-шайырлардың шығармаларында сопылық терминдердің орын алуы. Бұл арада XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген бірқатар қазақ ақындарының Ясауи дәстүріндегі иллаһи поэзияның ықпалында болғандығы олардың өлеңдерінен айқын аңғарылады. Әрине, ақындардың арасында Мәшһүр Жүсіп, Ақан сері, Шәкәрім, Ақмола сынды бір мезгіл сопылық жолын тұтынғандар да болды. Негізінен, көпшілік ақындар сопылық ілімнің хикметін сезініп, өмірде де, өнерде де солардың дәстүрін, даналық сөздерін насихаттаумен, тәрбиелік қуаты күшті сопылық ұғым-атауларды жиі қолданумен ерекшеленеді.

Сопылық ілімін өміріне өлшем, тірлігіне тірек еткен шайырлардың алғашқы қатарында Қожа Ахмед Ясауи, Жалалиддин Руми, Табризи, Сағди т.б. айтамыз. Олардың

қай-қайсы да өздерін Алланың құлы, пақыр, ғаріб, ғашық және ғариф сипатында көрсетті. Мысалы, Ясауи көбінесе «құл» эпитетін қолдану арқылы бұл сөзді өз лақаб есімінің бір бөлігі ретінде қабыл етті. Осындай тәсілмен «құл» тахаллусы қыпшақ ақыны Ғалидың (XIII ғ.) есіміне жалғанғанын көреміз. Бұл дәстүр қазақ арасында кең таралғандығы Құлахмет, Құлмұхаммед, Құлсейіт, Құлшәріп, Құлжан, Құлмат сияқты кісі аттарынан да байқалады. Ясауидің ақындық әлемін зерттеуші А.Әбдірасылқызы: «ғаріптер – рухының Жаратушыдан жырақта жат мекенде жүргенін ұғынып, дүние қызығынан баз кешкендер», – деген анықтама берген (Әбдірасылқызы, 2007: 242). Осы *ғаріп, міскін, құл, пақыр* сөздері әдебиетте көп ұшырасады және әрі теңеу, әрі эпитет, әрі метафора қызметін атқарып, тақуа ақындардың сопылық бағыттағы ұстанған жолын, иллаһи поэзия дәстүріне адалдығын аңғартады.

Орта ғасырдағы қыпшақ шайыры Сәйф Сараи, Әл-Хорезми, Ғыймадилер өз есімдерінің алдына «құл» анықтаушы тіркеуді әдет етсе, Исхақ – міскін, Ахмет Қожа әс-Сараи – бенде эпитеттерін қолданған. С.Сараи кейде «бейшара» сөзіне де жүгініп отырған (Сараи, 1999: 261). Сопылық поэзияда сонымен бірге «көңлі сынық», «шарасыз», «бейпарық», «байғұс», «кемине» терминдері де жиі кездеседі. Орта ғасырдағы шайырлық поэзияда өріс алған сопылық әдебиеттің әсері кейінгі қазақ ақындарының шығармашылығында өз жалғасын тапқан. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп бір өлеңінде ұстаздарынан жәрдем сұрап:

Көрсеткен әрбір түрлі нышананы,

Кереметпен білдірген ишараны.

«Әулие өлік емес, тірік» деген,

Қолдай гөр біздей *ғаріп, бейшараны!*

– деп жазса, тағы бір туындысында: «*Ағалар, айыптама ақылы азды*», «*Өнерім аз болған соң болды қысқа*», «*Жақсылар, мейірбан бол біз байғұсқа!*» – деген өлең тармақтары арқылы өзінің сопылық дәстүрді ұстанып, кішілік жолын, кісілік бағдарын танытқан (Көпейұлы, 2003: 277). «Ғаріптік» туралы сопылық әдебиетте көп айтылған және бұл сөздің киелі, культтік құпиясы барлығына назар аударылған (Идирис Шах, 1994: 139). Құл Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерінде ең көп қайталанатын сопылық ұғымның бірі осы – «ғаріп» және «пақыр» сөздері.

Сыр шайырларының көптеген туындыларында, әсіресе мүшәйра кезінде жазған жауаптарында олардың сопылық әдебиетті үлгі тұтқандығы айқын сезіледі. Мысалы, Шораяқтың Омарының Қарасақал Ерімбеттің жұмбағын шешкен екінші хаты:

Әлқисса, сөз ақырын тамам еттім,

Дүр Омар – *бейпарасат, ақылы төмен* (Айтыс, 1965: 535),

– деген жолдармен аяқталған. Қаңлы Жүсіптің Ермұхан Хұсайынұлына жазған жауабы:

Артына бақадар хал жазушының

Кәмина молла Жүсіп қойған қолы,

– деп бітеді. Ал, Мықан Балтекейұлының «Жазушы – бір *кәмина*, қалыс ағаң» деген сөздерінен де бұл көне әдеби дәстүрдің шайырлық поэзиядан тұрақты көрініс тапқанын байқау қиын емес. «*Кәмина*» – парсыша *кішкене, бейшара, нашар, мүләйім, сыпайы* деген мәндерге ие (Оңдасынов, 1974: 222).

Сыр шайырларының Ясауи ілімін оқып, үйреніп, осы жолды өздерінің ақындық бағытына үлгі-өнеге еткендігі Омардың:

Жеті жаста жол айтқан,
Нұғман басшы данамыз.

Қожа Ахмет Ясауи –

Білімпаздардың сұлтаны,

Біздерге қоңсы боламыз, – деген сөздерінен айқын сезіледі (Шораяқұлы, 1995: 30).

Шайырлар поэзиясына, мүшәйра мен нәзира түріндегі шығармалардың тууына, өмір туралы фәлсафалық сөз сайыстарына Ясауи мен Бақырғанидің «Тозақ пен жұмақ» айтыстары да елеулі әсер еткен. Сүлеймен Бақырғани мұрасы мен Тұрмағамбет, Омар, Ерімбет дастандарының арасында сюжеттік, идеялық жағынан дәстүр жалғастығы орын алғаны туралы зерттеушілер тарапынан да ескерілген. Мысалы, С.Бақырғанидің ақындық шығармашылығын арнайы қарастырған Н.Мәтбек Ерімбет Көлдейбекұлының (1844-1916) «Ақтам сахаба» дастаны туралы сөз қозғай келе: «Ерімбет дастанының қорытындысында өзі туралы мәлімет бере келіп, сақилықты уағыздайды. Дастан «Бақырғани кітабындағы» «Қисса Ахтамның» әсерімен жазылғандығы байқалады», – (Мәтбек, 2008: 114) деген ғылыми пікір білдіреді. Түптеп келгенде, Ясауи, Бақырғани хикметтері мен олардың сопылық дәстүрінің із-белгілері XIV-XX ғасыр аралығындағы ондаған түркі-қыпшақ (қазақ) ақындарының шығармашылығында сақталуында ешбір талас жоқ.

XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында өмір сүрген қазақ ақын-шайырларының жазу стиліндегі тағы бір ерекшелік – олардың толғау, ғазал, айтыс жанрындағы мұраларында Шығыстық сюжет-хикаялар мен тәмсіл сөздердің кең қолданыс табуы. Әсіресе, мүшәйраға түскен ақындардың сауал-жауаптарында, бір-бірімен сөз сайыстарында бұл әдеби тәсіл жиі ұшырайды.

«Шораяқтың Омары мен Таубайдың Жүсібінің жазба айтысында» Жүсіп қарсыласына көне іліми кітаптан мысал-ғибрат айтқанын көреміз. Үзінді келтірейік:

Кітапта анық хабар көрдім көзбен,

Бір мысал ертеде өткен хикаяттан.

Ол – Асан шайхы Басри уәлиулла,

Көңіліне келген зәрре ғадауаттан.

Уәлилік мақамына жетіскенсін,

Айрылып қалыпты бір кәраматтан (Айтыс, 1965: 192).

Хикаяның мазмұны былай: Асан шайқы теңіз жағасында келе жатып, бір-бірімен сырласып, сұхбаттасып отырған жігіт пен қызды көреді де, екеуі Хақтың дидарын қалай көрер екен?» – деп ойлайды. Тақуаның бұл сөздеріне әлгі екеуі ренжіп, сол арада қатты дауыл тұрып, теңізде келе жатқан кеме кенеттен апатқа ұшырайды. Сонда қыз қасындағы жігіт суға секіріп, еш ойланбастан, суға батып бара жатқан жолаушыларды құтқарып қалады. Жігіт Асан шайқыны сынайын деген оймен: «бір адамды сізге қалдырдым, ғаріпті құтқарып алыңыз», – дегенде Шайқы да суға түседі, бірақ әулие бағанағы ғайбат сөздері үшін «керемет қасиетінен» айрылып суға бата бастайды. Мәрттік танытқан жігіт Асан шайқыға:

Көңліңе келді кірбің: өзің таза,

Өзгені шүбәліге санамақтан.

Жолықтың соның үшін мұндай халге,
Қол үзіп шапқат етер шарапаттан, –
деп кінәсін мойнына қояды (Айтыс, 1965: 92).

Бұл арада Таубайдың Жүсібі әріптесіне: «біреудің кінәсіне көзің жетпей тұрып, оны ғайбаттама», – деген пікірін Шығыстың ғибрат пен даналық ойларына толы кітаби сюжеттеріне – ғұламалар өмірінен аланған хикая-тәмсілдерге сүйене отырып жеткізгеніне куә боламыз. Осы мүшәйра тұсында Ыбыраш Ержанұлы деген шайыр Омарға жақтасып, Таубайдың Жүсібіне:

Хадистің тәржімесін өлең қылып,
Құраннан хат көшіред дүмше молда-ай.
Әзәзіл періштеге сабақ айтып,
Ғаршыда сүрген дәурен неше жылдай.
Адамға сәжде етпеген себебінен,
Ақыры болып еді оның қандай?
Ұшырап көп ақылдың апатына,
Перғауын пайда еткен жоқ еш зәрредей, (Айтыс, 1965: 195)
– деп, діни кітаптардан үлгі, мысал келтірген.

Құран Кәрімнен бастау алатын әзәзіл, ібіліс яки шайтан туралы хикая XIV ғасыр басында (1310 ж.) жазылған түркі-қыпшақ қаламгері Насреддин Рабғузидің «Қисас-ул-Әнбийа» кітабында кеңірек әңгімеленген. Сыр өңірінде туған шайырдың діни сипаттағы шығармасы бұл аймақта қолжазба күйінде көп тараумен бірге, кейінірек Қазан, Ташкент қалаларында кітап болып басылғаны мәлім. Дүниенің жаратылысы жөніндегі діни хикаялардан құралған бұл шығарманың мазмұнын ескіше, мұсылманша сауатты шайырлардың көбісі білген. «Қисас-ул-әнбийаның» «Әзәзілдің шайтан болуының баяны» және «Топырақ пен оттың айтысы» атты тарауларында баяндалғандай, Алланың әмірімен бүкіл періштелер бес жыл бойы Адамға сәжде жасаумен болған екен. Тек Әзәзіл атты періште ғана жаратушыға күпірлік келтіріп: «Адам топырақтан жаралған, ал мен оттан жаралдым, одан артықпын және оған сәжде жасауға міндетті емеспін», – дейді. Сол қарсылығы мен Құдайға қарсы келгендігі үшін Әзәзіл бейіштен қуылады, барша ізгі құрмет, нығмет пен жақсылықтардан мақұрым қалады (Сағындықов, 1997: 255-256).

Алла тағалаға күмән келтіріп, дүние қуған Мысыр патшаларының бірі Перғаун Хаман (кейде Һарун – С.Қ.) да Құдайдың қаһарына ұшырайды. Міне, осындай дін аңыздарының өлеңдерінде кейінгі ұрпаққа сабақ-өсиет үшін қолданылған дидактикалық тәсіл, форма екендігі көрінеді.

«Жәмила мен Серіқұл айтысында» қыз әріптесіне «Тотынама» кітабындағы түсін құбылтып, аз уақыт аңдарға патша болған түлкі туралы хикаяны мысал етеді. Үнді жинағында бұл хикая «Көк сұр шибөрі, оның аңдар мен жануарларға патша болғаны, билігінің сәтсіздігі туралы әңгіме» (32-түн) деп аталған. Мұнда бір қыстақта әр үйдің жуындысын ішіп күнелтіп жүріп, үстіне бояу төгіп алып, түсі өзгерген шиебөрі өзін танымаған аңдарды қорқытып, патшалық құрады. Бірде ормандағы тумаластарының ұлыған даусына үн қосқан шиебөрінің «кім» екендігін аңдар біліп қойып, ызаланған азулы аңдардан әзер қашып, құтылады (Тотынама, 1991: 191-195).

Шораяқтың Омары Ерімбетке жазған екінші жауабында һарун Рашид патша заманындағы бір хикаяны үлгі ретінде ұсынады: Қамыстан ат мініп жүрген жас бала тақта жайбарақат отырған патшаның алдына келіп: «Ей, сұлтан аулақ жүр, атым теуіп жібереді», – деп айғайлапты. Патша оған: «Ау, бала, менің қаһарымнан қорықпай, не деп тұрсың?» – дегенде, бала: «Қаһарың осы болса, қабірің – анау», – деп, бейіт жақты нұсқайды. Осы баланың сөзінен ғибрат алған патша Құдайға құлшылық ете бастапты. Ақындар айтыса отырып, білім-біліктерін жарыстырады. Өздерінің айтар ойын жай ғана айта салғаннан гөрі, оны Шығыс даналығымен, мағыналы мысалдармен, қызықты хикаялармен дәлелдеп, пікірін бекіте түседі. Мұндай әдемі әдеби үлгілердің бұлақ бастауы – орта ғасырдағы түркі-қыпшақ, араб-парсы классиктерінен жалғасып келе жатқан игі дәстүр екені хақ.

Нәтижелер

XX ғасыр басындағы ақын-шайырлар поэзиясына Шығыс әдебиетінің елеулі әсер еткендігі Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шораяқтың Омары, Мықан Балтекейұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Мақыш Қалтаев, Қарасақал Ерімбет, Кете Жүсіп, т.б. мұрасына салыстыра талдау арқылы дәлелденді.

Қазақ шайырлар поэзиясындағы сопылық әдебиеттің ықпалы, «міскін», «ғаріп», «құл», «кәмине», «бейшара», «байғұс» сөздерінің мағынасына талдау жасалып, олардың сопылық әдебиетке қатыстылығы айқындалды. Қазақ шайырларының білімдарлық жөнінен діни сауаттылығы мен Шығыс философиясына жетіктігі жоғары деңгейде болғандығы күмән туғызбайды. Олардың медреседе оқыған «Кәлам», «Мантиқ», «Тассоуф», «Ғақайд», «Фикһ», «Фараиз», «Кафия» сияқты кітаптары арқылы осы пікірдің дұрыстығына көз жеткіздік.

Діни-ағартушылық бағыттағы жазба поэзия өкілдері қазақ әдебиетіне көркемдік-эстетикалық тұрғыдан бірқатар жаңа, тың өрнектер алып келді. Нәзирашылдық жолмен дамытылған сопылық астарлы өлеңдер, аллегория, тұспал, меңзеу түріндегі иллаһи поэзия үлгілері, интеллектуальді айтыс-мүшәйра, «әбжат», «әліпби» формасындағы туындылар – бір кездері қазақ әдебиеті тарихында «кітаби», «қиссашыл», «шығысшыл» атанған шайырлар қалдырған өлмес жәдігерлер.

Қорытынды

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр бастауындағы ақын-шайырлардың қазақтың ояну дәуірі әдебиетіне қосқан үлесінің маңызы лайықты бағалануы тиіс. Сонымен бірге олардың поэзиясындағы шығыс әдебиетінің ықпалы алдағы уақыттағы жаңа ғылыми ізденістерге ұласады және осы бағыттағы зерттеулер жалғасын табады деп үміттенеміз.

Әдебиет

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы, 2003. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1-том. Алматы: Жазушы. 296 б.

Айтыс, 1965. Бірінші том. Құраст. Ш. Ахметов, Б. Ысқақов, М. Байділдаев. Алматы: Жазушы. 680 б.

- Әбдірасылқызы А., 2007. Қ.А. Иасауидің ақындық әлемі. Алматы: «Кие» лингвоелтану орталығы. 264 б.
- Әжинияз Зийуар, 1975. Таңдамалы шығармалар. Нөкіс: Қарақалпақстан. 252 б.
- Әуезов М., 1984. 20-томдық шығармалар жинағы. Т. 15. / Мақалалар, зерттеулер. Алматы: Жазушы. 328 б.
- Бертельс Е.Э., 1969. Персидская литература. Москва: Восток. 354 с.
- Жармұхамедұлы М., 2001. Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. Алматы: Мұраттас. 293 б.
- Жұмажанов Қ., 2006. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Монография. Алматы: Арыс. 256 б.
- Идирис Шах, 1994. Суфизм. Москва: Клышников, Комаров и К. Москва. 446 с.
- Кенжебаев Б., 1993. XX ғ. Басындағы әдебиет /оқулық. Алматы: Білім. 248 б.
- Келімбетов Н., 2000. Көркемдік дәстүр жалғастығы. (зерттеу). Астана: Елорда. 288 б.
- Қабдолов З., 1976. Сөз өнері. Алматы: Мектеп. 373 б.
- Мәтбек Н., 2008. Сүлеймен Бақырғанидың (Хакім ата) әдеби мұрасы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 146 б.
- Мырзахметов М., 1994. Абай және Шығыс. Алматы: Қазақстан. 208 б.
- Науаи А., 1977. Хамса. Тошкент: Бадий адабиет. 791 б.
- Нұрдәулетова Б.И., Шохаев М.Т., Кенғанова А.Б., 2022. Жыраулар поэтикасындағы «шынайы адам» концептісі // Turkic Studies Journal, Т. 4., No 2. Б. 72-85.
- Оңдасынов Н., 1974. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: Қазақстан. 384 б.
- Сағындықұлы Б., 1997. Ғаламның ғажайып сырлары. Алматы: Ғылым. 296 б.
- Тотынама. Хикаят, 1991. / Аудар. Ә.Қоңыратбаев, Т.Қоңыратбаев. Алматы: Жазушы. 328 б.
- Шораяқтың Омары, 1995. Сөйле, тілім, жосылып. (Өлеңдер, дастандар, айтыстар). Алматы: Рауан. 301 б.

Reference

- Abay (İbrahim) Qunanbayulı, 2003. Şıǵarmalarınıń eki tomdıq jınaǵı. 1-tom [Two-volume collection of his works. Volume 1]. Almaty: Jazwşı. 296 p. [in Kazakh].
- Aytıs [Say], 1965. Birinşi tom. Qurast. Ş. Axmetov, B. Isqaqov, M. Baydildaev. Almaty: Jazwşı. 680 p. [in Kazakh].
- Äbdirasılqızı A., 2007. Q.A. İasawidiń aqındıq älemi [K.A. Iasawi's poetic world]. Almaty: «Kie» lingvoeltanw ortalıǵı. 264 p. [in Kazakh].
- Äjiniyaz Ziywar, 1975. Tańdamalı şıǵarmalar [Selected works]. Nökis: Qaraqalpaqstan. 252 p. [in Karakalpak].
- Äwezov M., 1984. 20-tomdıq şıǵarmalar jınaǵı [20-volume collection of works]. T. 15. Maqalalar, zertteuler. Almaty: Jazwşı. 328 p. [in Kazakh].
- Bertels E.É., 1969. Persidskaya literatwra [Persian literature]. Moscow: Vostok. 354 p. (In Russian)
- Jarmuxamedulı M., 2001. Aytıs öleńderiniń arǵı teginen damwı [Origin and development of Aytıs poems]. Almaty: Murattas. 293 p. [in Kazakh].
- Jumajanov Q., 2006. Qaraqalpaq aymaǵındaǵı qazaq ädebieti. Monografiya [Kazakh literature in the Karakalpak region. Monograph]. Almaty: Arıs. 256 p. [in Kazakh].
- İdiris Şax., Swfizm [Sufism], 1994. Moscow: Klışnikov, Komarov i K. Moscow. 446 p. [in Russian].

Kenjebaev B., 1993. XX ғ. Basındaǵı әdebiet /oqwııq [XX century. Literature at the beginning]. Almaty: Bilim. 248 p. [in Kazakh].

Kelimbetov N., 2000. Körkemdik дәstür jalǵastıǵı. /zertteu [Continuity of artistic tradition /study]. Astana: Elorda. 288 p. [in Kazakh].

Qabdolov Z., 1976. Söz öneri [Art of words]. Almaty: Mektep. 373 p. [in Kazakh].

Mätbek N., 2008. Süleymen Baqırǵanıdıñ (Xakim ata) әdebı murası. Oqw quralı [Literary legacy of Süleyman Bakyrqani (Hakim ata). Educational tool]. Almaty: Qazaq wñiversiteti. 146 p. [in Kazakh].

Mırzaxmetov M., 1994. Abay jäne Şıǵıs [Abay and East]. Almaty: Qazaqstan. 208 p. [in Kazakh].

Nawaı A., 1977. Xamsa [Hamsa]. Toshkent: Badıy adabiet. 791 p. [in Uzbek].

Nurdauletova B.I., Shohaev M.T., Kenganova A.B., 2022. Zhyraular poetikasındayǵı «shynajy adam» konceptisi [The concept of a perfect human in the poetics of zhyrau]. Turkic Studies Journal, Vol. 4., No 2. P. 72-85. [in Kazakh].

Oñdasınov N., 1974. Parsısha-qazaqsha tüsindirme sözdik [Persian-Kazakh explanatory dictionary]. Almaty: Qazaqstan. 384 p. [in Kazakh].

Saǵındıqulı B., 1997. Ğalamnıñ ğajayıp sırları [Amazing secrets of the universe]. Almaty: Ğılım. 296 p. [in Kazakh].

Totınama. Xıkayat [Totynname. Story], 1991. Awdar. Ä.Qoñıratbaev, T.Qoñıratbaev. Almaty: Jazwşı. 328 p. [in Kazakh].

Şorayaqtıñ Omarı, 1995. Söyle, tilim, josılıp. Öleñder, dastandar, aytıstar [Speak, speak, speak. / Poems, sagas, arguments]. Almaty: Rawan. 301 p. [in Kazakh].

*** S.K. Kusanov**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: Kosan_1964@mail.ru)*

**Corresponding author: Kosan_1964@mail.ru*

A.M. Kakenova

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: aldiyar-1976@mail.ru)*

Zh.S. Adilkhanova

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: adilhanova2011@mail.ru)*

Oriental style in the works of Kazakh poets

Abstract. The article studies religious-didactic and Sufi motifs in the works of Kazakh poets who lived in the second half of the XIX-early XX centuries. It is known that many of them at one time studied in Muslim madrassas in the cities of Central Asia and Russia. The paper analyzes aspects of Sufi literature, the most common words in the poetry of shairs: *garip*, *misikin*, *kul*, *pahir*, *kamine*, *beishara*. The authors focus on various aspects of Sufi literature, arguing each of them with relevant examples. In

the poetry of shairs, who deeply absorbed the traditions of classical poetry of the East, there are many common themes, plots, motifs and artistic techniques.

The article also pays special attention to the motives of ‘abjad’ and ‘alphabet’, which were often used by the authors of the works. In this regard, the idea of the revival of the ‘nama’ genre by Kazakh poets, which was clearly manifested in the literature of the Golden Horde era, was touched upon here.

The article analyzes the influence of the medieval literary tradition on the Kazakh poetry of the early twentieth century. The works of outstanding representatives of written literature, such as Akan Seri Koramsauly, Mashhur Zhusup Kopeyuly, Shakarim Kudaiberdiuly, Makysh Kaltayuly, Omar Shorayakuly, Kanly Zhusup, Turmagambet Iztileuuly, Kete Zhusup, Karasakal Yerimbet are compared with samples of poems by Turkic-Kipchak poets such as Yasawi, Bakirgani, Rabguzi, Khorezmi and Sarayi. Conceptual reflections on artistic images used by poets of two eras are presented. The article introduces into scientific circulation the works of poets, who were insufficiently studied in Kazakh literary studies.

Keywords: poet, Sufi, literature, tradition, symbol, garip, poetry, period, oriental style.

* С.К. Кусанов

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: Kosan_1964@mail.ru)*

**Автор для корреспонденции: Kosan_1964@mail.ru*

А.М. Какенова

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: aldiyar-1976@mail.ru)*

Ж.С. Адилханова

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: adilhanova2011@mail.ru)*

Восточный стиль в творчестве казахских поэтов

Аннотация. В статье рассматриваются религиозно-дидактические и суфийские мотивы в творчестве казахских поэтов, живших во второй половине XIX – начале XX вв. Известно, что многие из них в свое время обучались в мусульманских медресе в городах Средней Азии и России. В работе анализируются часто встречающиеся в поэзии шаиrow слова *гарип*, *мискин*, *кул*, *пахир*, *камине*, *бейшара*, имеющие непосредственное отношение к суфийской литературе. Авторы анализируют различные аспекты суфийской литературы, аргументируя каждый из них соответствующими примерами. В поэзии шаиrow, глубоко впитавшей традиции классической поэзии Востока, встречается множество общих тем, сюжетов, мотивов и художественных приемов.

В статье также особое внимание уделяется мотивам «абжад» и «алфавит», которые часто использовались авторами произведений. В связи с этим авторами затрагивается проблема возрождения казахскими поэтами жанра «нама», ярко проявившегося в литературе эпохи Золотой Орды.

В статье анализируется влияние средневековой литературной традиции на казахскую поэзию начала XX века. Произведения выдающихся представителей письменной литературы – Акан сери Корамсаулы, Машхур Жусуп Копейулы, Шакарима Кудайбердиулы, Макыша Калтайулы, Омара Шораякулы, Канлы Жусуп, Турмагамбета Изтилеуулы, Кете Жусупа, Карасакала Еримбета сравниваются с образцами стихов тюркско-кипчакских поэтов, таких, как Ясауи, Бакыргани, Рабгузи, Хорезми и Сарай. Представлены концептуальные размышления о художественных образах, использованных поэтами двух эпох. В статье также вводятся в научный оборот произведения поэтов, недостаточно изученные в казахском литературоведении.

Ключевые слова: поэт, суфизм, литература, традиция, символ, гарип, поэзия, период, восточный стиль.

Авторлар туралы мәлімет:

Қосанов Серікбай Қылышбайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0003-4923-6295

Кәкенова Әсел Мырзағалиқызы, филология ғылымдарының кандидаты, жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-5203-8081

Әділханова Жанна Сайынқызы, докторант, жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Әл-Фараби даңғылы, 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-2918-4603

Information about authors:

Kosanov Serikbay Klyshbayevich, Candidate of Philology, Senior Lecturer of the Department of Kazakh Lincration and literary Theory, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi ave., 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-4923-6295

Kakenova Asel Myrzagalievna, Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer of the Department of Pre-University Training, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi ave., 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-5203-8081

Adilkhanova Zhanna Sayynovna, PhD student, Senior Lecturer of the Department of Pre-University Training, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi ave., 050040, Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-2918-4603

Информация об авторах:

Косанов Серикбай Клышбаевич, кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской литературы и теории литературы, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0003-4923-6295

Какенова Асель Мырзагалиевна, кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры довузовской подготовки, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-5203-8081

Адилханова Жанна Сайыновна, докторант, старший преподаватель кафедры довузовской подготовки, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, проспект Аль-Фараби, 71, 050040, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-2918-4603